

Бақытқа ие болу үшін жүгіре білу керек ("Король Лир")

Арман, мақсат, ұмтылу, мұратқа жету, талаптану, аянбай еңбек ету - сөздері Сіз ойлағандай антоним де, амоним де, синоним де емес. Бұл сөздер менің 30 жылға таяған өмірімнің тірегі.

Қазақ ауылында өмір сүрген қай-қайсысыңыз болсын "Жұрттың баласы" деген сөз тіркесінің мағынасын айтпасам да түсінесіз. "Жұрттың баласы" - үлгілі бала, қаһарман, білімді, тәртіпті. Бұл сөзді айтушы да, оны тыңдаушы да екі түрлі мағынада қабылдауына болады. Мәселен, ""Жұрттың баласы" есейгенде әке-шешесін қолына алып, қарайласып жатады. Сендердің түрлерің мынау...", - дегенді бірі тура қабылдап, салы суға кетуі мүмкін, ал екіншісі намыстанып, өзі өзгелер үлгі тұтар "Жұрттың баласы" болуға тырысады. Мен өмір бойы екінші адамдардың қатарында болуға талпындым. Оқуда озат, қоғамдық іс-шарада белсенді, қатарластарымның алды болу үшін барымды салдым. Бірақ, барлығы сен ойлағандай бола бермейді. Оған жоғары оқу орнын тамамдап, мамандығым бойынша қызметке орналаса алмай, біраз мекеменің табалдырығын тоздырған уақытта көзім жетті. Қолымдағы қызыл дипломымды жұдырығыма қысып, мектепте еден жуушы болып жұмыс істеуге тура келді. Бірақ, қызметімнен ұялған жоқпын. Менің қызметтік міндетіме таңғы 4-те және кешкі 5-те дәліздерді, бірнеше сыныптар мен дәретхананы жуып тазалау және үй гүлдерін суару кірді. Жұмысыма барынша адал болуға тырыстым. Таңертеңнен кешке дейін маған тиесілі жерлердің тазалығын елінің шекарасын қорғаған сақшыдай қорғауға тырысқаным соншалық, өз мамандығыма сәйкес қызмет орнын тапқан уақытта мектептің әкімшілігі мені жұмысымды одан әрі жалғастыруымды сұрады. 25 мың айлық жалақымның үстіне 3 мың теңге қосып бергенде, маңдай теріңмен тапқан еңбегіңнің қаншалықты тәтті екенін сезіндім.

Бүгінгі күні киелі мектептің мұғалімімін. Қызметім өзгергенмен, мақсатым сол. Тазалық - Адалдық. Таңертеңнен кешке дейін талмай еңбектену. Гүлдерді суару - оқушыларды білім нәрімен суару, топырақтарын құнарландырып отыру. Кабинетіме қолдарына альбомдары мен қарындаштарын құшақтап келген оқушыларымды көрген сайын олардың да, өзгелер үлгі тұтар "Жұрттың баласы" болуы үшін желге қарсы жүгіре алатындай етіп тәрбиелеу менің басты мұратым.

Бахытжан Дуйсенова,
"Өнер" пәнінің мұғалімі.

